

ӘОЖ: 371.3.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТИІМДІ ӘДІСТЕР

Шаяхметов Мейрамбек

miko.22.04.04@gmail.com

География және тарих пәні мұғалімі білім бағдарламасының 3 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі -Ақтаубаева Ж.Х

Оқушыларға жан – жақты білім беру мына үштік арқылы жүзеге асады. Білім берудегі негізгісі мақсат - оқыту әдістері – күтілетін нәтиже. Білім берудегі ең негізгісі мақсат айқын болу керек және күтілетін нәтижеге назар аудару керекпіз. Білім беруде ең маңыздысы оқыту мақсаттарының тиімді әдістерін қолдану болып табылады.

Оқытудың ең тиімді әдіс – тәсілдерін пайдалану заманауи сабақты құруға мүмкіндік береді, бүгінгі заман талабына сай заманауи қазіргі сабақты ұйымдастыруға болады. Ол үшін қазіргі заман талабына сай құрылған сабақтар жаңа талаптарға жауап беретіндей болу керек. Ең бірінші сабақтың мақсатын анықтау керек. Сабақты ұйымдастыруда нақты, қол жетімді, салыстырмалы, қазіргі талапқа сай мақсаттар қойылу керек. Нәтиже бағытталған сабақты ұйымдастыруда мына жағдайларды ескеру қажет:

- Сабақтың мақсаты - айқын және нақты анықталуы керек;
- Сабақтың мақсаты - оған бөлінген уақыт ішінде қол жеткізілуі;
- Сабақтың мақсатын - барлық оқушылар түсінуі керек;
- Сабақтың мақсаты – қойылған мақсат нақты және мүмкін болуы;
- Сабақтың мақсаты - сапалы және бейнеленген түрде болуы керек.

Сабақты ұйымдастыруда дидактикалық материалдарды яғни әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды берудегі мақсат оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытатын, өз ойын еркін жеткізетін жеке тұлға болып қалыптасуына әсер ететіндей және өз өмірінің қажеттілігінде қолдана алатын болу қажет.

Осылайша, мақсатқа жетудің басты элементі жаттығулар мен тапсырмалар және оларды орындау жатады. География пәнін жоғарғы сынып оқушылары мектеп бітіруші түлектердің Ұлттық бірыңғай тестке дайындау кезінде әрбір мақсатқа құрылған тапсырмалар жеткілікті, дұрыс жобаланған болып табылады. Себебі Ұлттық бірыңғай тестке география пәні бойынша дайындауға сәйкес қарастырылған тапсырмаларға қойылатын талаптар:

- Тақырыпқа сәйкес оқу тапсырмалары нақты түрлері анықталады;
- Оқу тапсырмалары нақты сабақ мақсатына және тақырыпқа сай құрылуы;
- Тапсырмаларды орындауда нақты міндеттер қойылуы керек;

Берілетін тапсырмалар сабақта оқушының белсенділігін арттырады және оқушыда білім мен білік қалыптастырады.

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – Қазақстандағы жоғары оқу орындарына түсу үшін өткізілетін стандартталған емтихан. Бұл жүйе мектеп бітірушілердің білімін бағалап, жоғары оқу орнына қабылдау кезінде объективті іріктеу жүргізуге мүмкіндік береді.

Ұлттық бірыңғай тестілеу мақсаты мен маңызы. ҰБТ еліміздің білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Оның негізгі міндеттері:

- Орта білім сапасын бағалау – мектеп түлектерінің алған білімінің деңгейін тексеру.
- Жоғары оқу орындарына әділ қабылдау жүйесін қамтамасыз ету – грант пен ақылы бөлімге түсуге мүмкіндік беру.

- Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту – тек жаттанды білім емес, түсіну және талдау қабілетін бағалау.
- Білім беру мекемелері арасында бірыңғай стандарт орнату – мектептердегі оқу деңгейін біріздендіру.

Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері мемлекеттік грант алу конкурсына қатысу үшін маңызды көрсеткіш болып табылады. Жоғары ұпай жинаған түлектер мемлекеттік білім гранттарына ие болып, тегін жоғары білім алу мүмкіндігіне ие болады.

ҰБТ форматы және құрылымы

Жалпы тестілеу форматы

- Тестілеу уақыты: 4 сағат (240 минут).
- Сұрақтардың жалпы саны: 120.
- Максималды балл: 140.
- Тапсыру түрі: Электронды формат (компьютерлік тестілеу).

Пәндер және сұрақтар саны

ҰБТ 5 пәннен тұрады:

Міндетті пән:

- Қазақстан тарихы – 15 сұрақ.
- Оқу сауаттылығы (қазақ немесе орыс тілінде) – 15 сұрақ.
- Математикалық сауаттылық – 15 сұрақ.

Бейіндік пән:

- Әрқайсысында 30 сұрақ (20 – бір дұрыс жауапты, 10 – бірнеше дұрыс жауапты).

Ұпай есептеу жүйесі

- Бір дұрыс жауабы бар сұрақ – 1 балл.
- Бірнеше дұрыс жауабы бар сұрақ – 2 балл (дұрыс жауаптардың барлығын таңдаса ғана).
- Максималды ұпай – 140 балл.

Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсыру мерзімдері:

Ұлттық бірыңғай тестілеу жылына төрт рет өткізіледі:

1. Қысқы ҰБТ (қаңтар) – тек ақылы бөлімге түсу үшін жарамды.
2. Көктемгі ҰБТ (наурыз) – қосымша мүмкіндік, бірақ грант конкурсына қатыспайды.
3. Негізгі ҰБТ (мамыр-маусым) – мемлекеттік грантқа үміткерлер үшін басты кезең.
4. Күзгі ҰБТ (тамыз) – ақылы бөлімге түсуге арналған қосымша мүмкіндік.

Түлектер Ұлттық бірыңғай тестілеу екі рет тапсыра алады, ең жоғары нәтижесі есепке алынады.

Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсыру кезінде пайдалы кеңестер:

Тестілеу барысында не істеу керек?

Алдымен, оңай сұрақтарға жауап беріп, уақытты тиімді пайдалану.

Бірнеше дұрыс жауабы бар сұрақтарға мұқият қарау.

Белгісіз сұрақтарды бос қалдырмай, логикалық тұрғыдан болжап жауап беру.

Психологиялық дайындық:

- Сенімді болу – өзіңізге деген сенімділік нәтижеңізге оң әсер етеді.
- Демалу – тест алдында жеткілікті ұйқы және демалыс маңызды.
- Дұрыс тамақтану – тест күні жеңіл және пайдалы тамақ жеу керек.

Жыл сайын ҰБТ-ның форматы жаңартылып, жетілдіріліп отырады. Соңғы жылдары енгізілген өзгерістер:

Электрондық тестілеу жүйесі – қағаз форматынан бас тарту.

Тесті екі рет тапсыру мүмкіндігі – ең жоғары нәтиже есептеледі.

Академиялық адалдықты күшейту – бақылау күшейтіліп, тыйым салынған құрылғыларды қолдануға қатаң шектеулер қойылды. Ұлттық бірыңғай тестілеу– Қазақстандағы жоғары білімге түсу үшін міндетті емтихан. Жақсы нәтиже көрсету үшін

жоспарлы түрде дайындалып, тест сұрақтарын шешіп, өзіңізді психологиялық тұрғыдан дайындау қажет. География пәні бойынша оқушыларды Ұлттық бірыңғай тестілеуде Дайындық жоспарын құру

1.1. Негізгі тақырыптарды анықтау

География пәнінен ҰБТ-да келетін сұрақтарды бірнеше бөлімге бөлуге болады:

1. Физикалық география

- Жердің құрылысы, литосфера, атмосфера, гидросфера, биосфера.
- Жер бедері, табиғат зоналары, климаттық белдеулер.
- Материктер мен мұхиттар географиясы.

2. Қазақстанның физикалық географиясы

- Қазақстанның географиялық орны, жер бедері, табиғи аймақтары.
- Өзен-көлдері, климаттық белдеулері, пайдалы қазбалары.

3. Әлеуметтік-экономикалық география

- Әлем елдері, халық саны, урбанизация.
- Экономикалық аудандар, шаруашылық салалары, көлік және байланыс жүйелері.
- Қазақстанның экономикалық аудандары мен өндіріс ошақтары.

4. Географиялық заңдылықтар мен картография

- Географиялық координаталар, масштаб, карталарды оқу.
- Климаттық диаграммалар, статистикалық мәліметтерді талдау.

Уақытты тиімді бөлу

Ұлттық бірыңғай тестілеу дайындық барысында әр тақырыпты қайталау үшін нақты жоспар жасау қажет:

- Аптасына 5-6 күн – теориялық материалдарды оқу.
- Күн сайын – 20-30 тест сұрағын шешу.
- Аптасына 1 рет – өткен тақырыптарды қайталау.
- Айына 1 рет – толық тест тапсырып, уақытқа жұмыс жасау.

Географиялық карталармен жұмыс істеу: Географияны меңгерудің ең жақсы әдістерінің бірі – картамен жұмыс жасау.

• Физикалық карталар – материктер мен мұхиттардың орналасуын жаттауға көмектеседі.

• Саяси карталар – елдердің шекараларын, астаналарын, халық санын білу үшін маңызды.

• Экономикалық карталар – пайдалы қазбалардың таралуын, өндіріс ошақтарын зерттеуге көмектеседі.

Карталарды жаттаудың тиімді әдістері

Түрлі-түсті белгілерді пайдалану – картаны маркерлермен бояп, маңызды аймақтарды бөліп көрсету. Картадан объектілерді табу – мемлекеттер, қалалар, теңіздер, өзендер, тауларды қайталау.

Географиялық координаталарды анықтау – бойлық пен ендік бойынша нүктелерді табу.

Ұлттық бірыңғай тестілеу ҰБТ-да жоғары нәтиже көрсету үшін тест сұрақтарын үнемі шешіп отыру маңызды.

Тест шешудің тиімді жолдары: Қателермен жұмыс істеу – қате жіберген сұрақтардың дұрыс жауабын жазып алу. Жылдамдықты арттыру – уақытқа байланысты тесттер шешу. ҰБТ форматындағы тестілерді пайдалану – ресми тест кітаптарын қолдану.


Онлайн ресурстарды пайдалану

- Seterra ҰБТ-ға дайындық қосымшалары
- YouTube-дегі білім беру арналарын қарау – география бойынша түсіндірме сабақтар тыңдау.

• Gismeteo, Google Earth, National Geographic – карталармен жұмыс істеу үшін қолданылатын ресурстар.

Мен өз тәжірибемде Атырау қаласындағы “ABYROI SCHOOL Atyrau” мектебі Қазақстан бойынша 10-11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға бағытталған жүйелі дайындайтын жеке меншік мектеп. Мектептің негізі 2023 жылы қаланды. Мектеп болып қалыптасқалы бері ҰБТ бойынша қалалық, облыстық деңгейде жоғары көрсеткіш көрсету үстінде Мектептің өзіндік ерекшеліктері және оқушыларға беретін мүмкіндіктері көп. Мектеп оқушыларды болашақ білім ордаларын көріп білуі үшін жыл сайын Алматы, Астанаға саяхатқа шығып тұрады.

Нәтижеге бағытталған білім беру – бұл жай ғана ақпарат беру емес, оқушының өмірде қолдана алатын білімін дамыту. Бұл жүйеде мұғалім – бағыттаушы, ал оқушы – білімді өздігінен игеретін белсенді субъект. Тиімді әдістерді сабаққа енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, жеке қабілетін дамытуға, белсенді және нәтижелі оқу үдерісін ұйымдастыруға болады. «Нәтижеге бағытталған білім – болашаққа бағытталған тұлға тәрбиесі».



Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://bugin.kz/38944-ubt-gha-qalay-dayyndalu-kerek>
2. <https://bilimdinews.kz/?p=168604>
3. <https://qazaq1913.com/2022/07/05/n-tizhege-ba-yttal-an-bilim-berudegi-tiimdi-tehnologijalar/>
4. <http://tolebi-shu.mektebi.kz/meroprijatija-prazdniki/727-ntizhege-bayttalan-oytu-men-oudy-basau-aryly-blm-sapasyn-arttyru-aspektler.html>